


ҰЛЫ АҚЫННЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫНА ҚҰРМЕТ

2024 жылы 9 тамызда Абай күніне орай әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Абай ғылыми-зерттеу институтының бастамасымен «Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы және ілімі» атты бесінші халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.



Кітап көрмесі

Конференцияға Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Әзірбайжан және



Конференция жұмысынан жалпы көрініс

АҚШ жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу орталықтарының оқытушы-профессорлары, ғалымдары, докторанттары мен магистранттары қатысты.



Жұмыс барысының бір сәті



**Конференцияға қатысушы қонақтарға құрмет көрсетілді.
Суретте солдан оңға қарай проф. Б.Р. Каримов, И. Нишонов (Өзбекстан).**

Конференцияның әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрылғанына 90 жыл толуына, университет жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының құрылғанына 15 жыл толуына байланысты іс-шаралар жоспары аясында аса маңызды мәнімен ерекшеленетініне арнайы назар аударылды.

Конференцияда Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы мен ілімінің жалпыадамзаттық маңызына жоғары баға берілді. «Абайтану антологиясы» интеллектуалдық е-ресурстар базасы, «Абай ілімі» оқу пәні, Абайдың «Кісілік кодексі» әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жалпыадамзаттық мәні зор интеллектуалдық құндылықтары екені туралы ойлар негізделді. «Абай ілімі» оқу пәнін Қазақстан жоғары оқу орындарында жоғары білім беру бағдарламаларының жалпы білім беретін пәндері

қатарында міндетті оқу пәні ретінде оқытудың әлеуметтік маңызы өте жоғары екеніне ерекше назар аударылды.



Экранда онлайн форматта баяндама жасаушы профессор Низами Мамедов (Әзірбайжан)

«Абай институтының еңбектері» атты көп томдық сериялық басылымның «Қазақ университеті» баспасынан жарық көрген 24 кітабының ғылыми және өмірлік мәні лайықты бағаланды. Абайдың шығармашылық мұрасы мен ілімін зерттеудің, насихаттаудың жолдары жайында келелі кеңестер, ұсыныстар айтылды.



Конференцияның соңында

Абай ғылыми-зерттеу институтының ғылыми-ақпараттық ресурстар базасы қуатты, ғылыми және ғылыми-педагогикалық мамандары қалыптасқан, ғылыми-интеллектуалдық әлеуеті зор, ұлттық зерттеу университеті құрамындағы білім мен ғылым интеграциясы саласында үлкен жетістіктерге жеткен бірден-бір заманауи ғылыми-зерттеу орталығы болып қалыптасқаны аталып өтті.

Абай институты
10.08.2024